

1993 жылы туған және алдында тіркеуді өтпеген ересек жастағы ер азаматтардың Мамлют ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің әскерге шақыру учаскесінде тіркеуін жүргізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімінің 2009 жылғы 28 желтоқсандағы N 26 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 29 желтоқсанда N 13-10-100 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімі аппаратының 2012 жылғы 13 қыркүйектегі N 02-08-02-02/828 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімі аппаратының 2012.09.13 N 02-08-02-02/828 хаты)

Қазақстан Республикасы «Әскери міндет және әскери қызмет туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 17, 18, 44-баптарына, Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 33-бабына 1-тармағына 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларға әскери есеп жүргізу Ережелерін бекіту туралы» 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысына с ә й к е с а у д а н ә к і м і **Ш Е Ш Т І :**

1. 2010 жылдың қаңтары-наурызында 1993 жылы туған, тіркеу жылы 17 жасқа толатын және алдында тіркеуді өтпеген ересек жастағы Қазақстан Республикасы ер азаматтарының әскерге шақыру учаскесінде тіркеуі жүргізілсін.

2. Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы А.Е.Дүйсекинге (келісім бойынша) шақырту пунктіне бөлме бөлу және қажет температуралық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша шаралар қолдану ұсынылсын.

3. Аудандық орталық емхананың бас дәрігері М.Г.Коробковаға (келісім б о й ы н ш а) :

медициналық комиссияны білікті дәрігер-мамандармен, медициналық п е р с о н а л м е н ж и н а қ т а с ы н ;

тіркеу жөніндегі медициналық комиссияның құрамын емхана бойынша б ұ й ы р ы қ п е н б е к і т с і н ;

шақырту пунктін қажет дәрі-дәрмекпен, құралдармен, медициналық және шаруашылық м ү л і к п е н қ а м т а м а с ы з е т с і н .

денсаулық сақтау ұйымдарында орындарды қарастырсын.

4. Қаржы бөлімінің бастығы А.П.Яковенкоға 2010 жылға аудан бюджетінде осы мақсаттарға қарастырылған сомаға сәйкес азаматтардың әскерге шақыру учаскесінде тіркеуіне шығыстарды өз уақытында қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Азаматтарды әскерге шақыру учаскесінде тіркеу мерзімінде ішкі істер бөлімінің бастығы Т.М.Туғанбаевқа (келісім бойынша):

1) азаматтарды тіркеу мезгілінде шақырту учаскесінде қоғамдық тәртіпті қолдауды қамтамасыз етсін;

2) әскери міндетті орындаудан бас тартқан тұлғаларды шақырту учаскесіне жеткізуді іске асырсын.

6. Селолық округтердің әкімдеріне:

1) полицияның учаскелік инспекторларымен бірге азаматтардың шақырту учаскесіне жүз пайыз келуін қамтамасыз етсін;

2) медициналық комиссияны өту үшін алыс жерде тұратын алыс жерде тұратын азаматтарды жеткізуді қамтамасыз етсін.

7. Аудан әкімінің аппарат басшысы С.Қ.Мамашәріповке осы мақсаттарға бөлінген қаржы бөлу шегінде жергілікті бюджет есебінде әскерге шақырту учаскесінде азаматтарды тіркеу бойынша іс-шараларға шығыстардың өз уақытында орындалуын қамтамасыз етсін.

Тіркеуді материалдық-техникалық қамтамасыз ету үшін техникалық жұмысшылардың қажет саны бөлінсін.

8. Азаматтардың тіркеуі «Мамлют ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ғимаратында жүргізілсін.

9. Қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы А.Е.Дүйсекинге әскерге шақырылушы азаматтардың тіркеуін ұйымдастыра және сапалы қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджет есебінде жалға берілген автокөлікті пайдалану ұсынылсын.

10. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Б. Бәкеевке жүктелсін.

11. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Қалиев

Мамлют ауданының қорғаныс істері

жөніндегі бөлімінің бастығы

А. Дүйсекин

Келісілді:

Аудандық ішкі істер

бөлімінің бастығы

Т. Туғанбаев

Аудандық орталық

аурухананың бас дәрігері

М. Коробкова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК